

"Қазмұнайөнімі" концерніне дизель отынының экспортына қосымша квота бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 маусым 1993 ж. N 509. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

Энергетика, ет пен сүт өнеркәсібі және авиация кәсіпорындарын техникалық және авиациялық маймен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазмұнайөнімі" концерніне көлемі 35 мың тонна дизель отынының экспортына қосымша квота белгіленсін.
2. "Қазмұнайөнімі" концерніне дизель отынының осы көлемін трансформатор , мұздатқыш пен авиация майына айырбасқа баспабас операция шартымен беруге р ұ қ с а т е т і л с і н .
3. Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі баспабас лицензиялар берсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі